

ISSN 1727-0537

# НАУЧНО-ПОПУЛЯРНЫЙ ЖУРНАЛ

ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ им.С.ТОРАЙГЫРОВА



3'2003

## ӨЛКЕТАНУ КРАЕВЕДЕНИЕ



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ҚОҒАМЫ  
ПАВЛОДАР ОБЛЫСТЫҚ ҰЙЫМЫ  
ТАРИХЫНАН (1989-2002 Ж.Ж.)

М.М.ӘБДІРАХМАНОВ

*С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті*

*Мақалада 1989-2002 жылдарда Ертістің Павлодар өңіріндегі азаматтарының Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының жергілікті ұйымдарын құрысуға, олардың тіліміздің дәрежесін өсіріп дамытуға, қолдану аясын кеңейтуге арналған қомақты істері нақтылы баяндалады.*

*В статье излагается деятельность интеллигенции Павлодарского Прииртышья по созданию местных организаций Международного общества «Қазақ тілі» в 1989-2002*

*годах, раскрытию их роли в развитии и повышении статуса казахского языка, расширению сферы его применения.*

*In the article described is the activity of highly educated people, scientists and journalists of Pavlodar Irtysh region on the foundation of the regional and local organizations of the International Society "Kazak tili" (Kazakh), their role in the development of the Kazakh language and increasing its status and widening sphere of its application.*

«Ала-кұла тіл, ала-кұла жұмыс болмайды».

Тілде, пәрде, істе бірлік болғай...  
Үстасы табылып, қалам арқылы онделсе,  
тіліміз өлдеқайда айшықты болар еді.  
М ұ р а т ы м ы з – тілімізді дамыту»

*Исмаил Гаспарұлы*

Ертістің Павлодар өңірі Бұхар жырау, Жаяу Мұса, Мәшһүр Жүсіп, Естай, Майра, Иса, Сұлтанмахмұт, Жүсіпбек, Қаныш, Әлкей, Шәкен сынды алып тұлғалармен алты алашқа

атағы шыққан өлке. Жиырманасыншы ғасырдың орта кезеңіне дейін бұл өңірде қазақ тілінің қадыр-қасиеті соншалық төмендеген жоқ еді. Әйтсе де, кейінгі килы кезеңде ана тіліміз саясат тереуірініне түсіп, жандәрмен күй кешті Тың игеру кезінде мындаған жас жігіттер мен қыздардың жаппай көшіп келуіне байланысты облыс тұрғындарының арасында байырғы ұлт санының үлесі күрт азайып, қазақ тілінің ахуалы респуб-



## ИСТОРИЧЕСКИЕ ФАКТЫ И СОБЫТИЯ

ликаның оңтүстік облыстарындағыға қарағанда айтарлықтай деңгейде құлдырап кетті. Әсіресе, зиялылар өкілдері ана тілінің болашағына сенімсіздікпен қарап, орыс тілінде сөйлеуді білімдарлықтың, мәдениеттіліктің белгісі деп түсінсе, қоғамдық орындарда ана тілінде амандасудың өзін, пайдандықтың нышаны деп ұқты. Қазақ тілінде сөйлеуді ұятты іс санаған ондайлардың отбасында орысша сөйлесу дәстүрге айналды. Осындай отбасылардан ана тілін менсінбейтін нигилистер мен туған халқының мәдениетін, әдебиетін, тарихын білмейтін, ұлттық намыстан жұрдай мәңгүрттенген жастар легі тәрбиеленіп шыға бастады. Тіпті орыс тілін шала-шарпы білетін ата-аналардың өздері «балалар орыс тілінде оқыса ғана адам болады» деген ойдың жетегінде кетті. Өйткені, бұл кезеңде компартияның орыс емес ұлттарды орыстандыруды көздеген ұлттық саясаты Қазақстанда қазақ тілін «екінші сортты» тілге айналдырып үлгеріп еді.

Соның салдарынан ана тілінде оқитын қазақ балаларының саны күрт азайып, орыс мектептерінің жаппай ашылуы, қазақ орта мектептерінің орталау мектептерге айналуы немесе мүлде жабылуы тұрақты құбылысқа айналды және ол жыл өткен сайын кең етек ала бастады. Сол кезден бастап 30 жыл ішінде республика көлемінде 700-ден астам

қазақ мектебі жабылған. (Ә. Қайдаров, Ә. Айтбайұлы «Тіл майданы», Алматы, 2000 ж., 18 б.)

Алпысыншы жылдардың соңында Павлодар қаласында қырықтан астам жалпы білім беретін орта оқу орындары болса, олардың екеуі ғана: №3 мектеп-интернат (қазіргі Б. Алтынсарин атындағы №3 гимназия-интернат) және Абай атындағы №10 орта мектеп (қазіргі №10 лицей-мектеп) қана қазақ тілінде оқытты. Ірілі-кішілі елді мекендер, көшелер, сауда және халыққа тұрмыстық қызмет көрсететін мекемелер түгелдей орыс тілінде аталынды. Қалыптасқан жағдай жалпы қазақ этносонын наразылығын тудырып, ақырында ол ұлтжанды жастардың 1986 жылдың желтоқсан көтерілісіне ұласты.

Осы кезеңнен бастап еліміздің зиялы азаматтары «Тіл тағдыры – ел тағдыры» деген қанатты сөзді жоғары мінбелерден жігерлене айтып, Қазақстанда «Қазақ тілі» қоғамын құру туралы мәселе көтерді. Ұлтжанды жерлестеріміз ғалымдардың бастамасын зор қуаныш сезімімен қабылдап, «Қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілсін!» деп талап хат жазып, мыңдаған адамдарға қол қойдырып, жоғары жаққа жолдады. Олар сол кезеңде қазақ тіліне, тым құрығанда, қағаз жүзінде мемлекеттік мәртебе берілуіне қол жеткізуді мұрат тұтты. Онсыз отбасы, ошақ қасындағы шала жансар, сыр-

қат тілді сауықтырып, әлдендіріп, шынықтырып алып, орыс тілімен нық тірестіретін дәрежеге жеткізу мәселесін қозғаудың өзі қиын болатын. Қазақ тілінің болашағынан мүлде үміт үзген орыс тілді қазақтардың ұлттық намысын ояту одан да қиынырақ еді. Дегенмен, тілге байланысты мәселелерді күн тәртібіне қоярда, үш жүз жыл бойы отар болған Қазақстанда үстемдік еткен орыс тілін бірден мінберден түсіріп, оның орнына қазақ тілін шығаруға ұмтылудың өзі ұлтаралық келісімге сызат түсіретіндігін де есте ұстау керек-ті. Ақыры, 1989 жылдың 22 қыркүйегінде негізінен тілші ғалымдар мен тілге жаны ашитын заңгерлердің күшімен әзірленген «Тілдер туралы» тұңғыш Заң қабылданды. Ал бұдан сегіз жыл өткен соң, 1997 жылдың 11 шілдесінде Қазақстан Республикасында екінші рет «Тілдер туралы» Заңның дүниеге келуі осы аралықтағы тіл майданында қол жеткен жемісті іс-әрекеттеріміздің нәтижесі еді.

«Қазақ тілі» қоғамын құру 1989-1991 жылдардағы ұлттық қайта жаңғыру, «демократиялық толқын» кезеңіне дөп келді. Тап сол кезде үкімет мүшелері де, Жоғары Кеңес депутаттары да жүзеге асыра алмайтын аса күрделі қоғамдық істерді «Қазақ тілі» мүшелері қолға алды және кейбір ұйымдар мен жеке тұлғалардың кесе-көлденең тұруларына қарамастан, пәрменді іс-әре-

кеттерімен қоғамдық санадағы қазақ тілінің болашағына деген енімсіздіктің сірескен сеңін қақырата жарған олар «ә» деген кезде-ақ біршама нәтижеге қол жеткізді.

Біздің облыста қоғамның бастауыш ұйымдарын құру ісіне жоғары оқу орындарының ғалым-ұстаздары, жергілікті ақын-жазушылар, журналистер белсене араласты. Олардың ішінде Павлодар педагогика институтының Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы меңгерушісі, филология ғылымының докторы, профессор **Ермек Өтебаев** пен Павлодар индустриалды институты физика кафедрасының доценті, техника ғылымдарының кандидаты **Жеңіс Мардановтың** еңбектері ерекше еді. (Енді екеуі де марқұм) Осы ұлтжанды екі азамат түрлі оқу орындары мен ұйымдарда, мекемелер мен кәсіпорындарда студенттермен, ардагерлермен, еңбеккерлермен кездесулер өткізіп, «Қазақ тілі» қоғамын құру қажеттілік екендігін байыппен айтып, ғылыми түрде түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Басшы қызметтегілердің бірсыпырасы бастауыш ұйым құру жөніндегі ұсыныстарды түсіністікпен қабылдады. Мәселен, сол жылдары 25 мыңдай жұмысшы еңбек ететін және олардың едәуір бөлігін қазақ жастары құрайтын Павлодар трактор заводы өндірістік бірлестігінің партия ұйымы хатшысы **Мерсалық Тәліпов** және сол ұйымның қызметкері **Биеке Болатов** трак-

## ИСТОРИЧЕСКИЕ ФАКТЫ И СОБЫТИЯ

тор жасаушылармен Жеңіс Мардановтың кездесуін ұйымдастырып, қоғамның бастауыш ұйымын құруға қолдау көрсетті.

Бірақтар кәсіпорындар мен мекемелерде «Қазақ тілінің» бастауыш ұйымдарын құру мәселесін, сондағы тіл жанашырларының өздері қолға алды. Мысалы, Ермак (қазіргі Ақсу) феррокорытпа зауытындағы бастауыш ұйым, сол өндіріс орнының жұмысшысы Төлеубек Әйтемовтың ынтасымен құрылды. Осы ұлтжанды, жігерлі азамат күні бүгінге дейін ұйым төрағасы қызметін абыроймен аткарып келеді. Мұндай игілікті істер көптеген өнеркәсіп салаларында, шаруашылықтарда жалғасын тапты. Солардың қатарында Павлодар алюминий зауытын (Б. Әкімқұлов), «Екібастұзэнерго», «Екібастұзкөмір» және Тың темір жолы Павлодар бөлімшесі (Ә. Сарқыншақов) өндірістік бірлестіктерін атап өтуге болады.

Қазақ халқының ұлттық қайта жаңғыруы басталған сол жылдары Павлодарда «Қазақ тілі» қоғамымен қатар «Невада-Семей» (Арман Каниев, Амантай Қалиев), «Азат» (Мақсұт Қалиев) қозғалыстарының, «Алаш» (М. Қалиев) партиясының облыстық ұйымдарын құру қолға алынды. Кіші Ассамблея ұлттық орталықтары (Қ. Даржұманов), мұсылман әйелдері Лигасы (З. Қожахметова) дүниеге келді.

Бұдан кейінгі кезеңдегі облыс басшысы Даниял Ахметовтың қолдауымен облыс орталығында Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер мұражайы (Бикеш Дұрманова) ашылды. «Бөбек» (Г. Ахметова), «Қаныш Сәтпаев» қорлары филиалдарының ашылуы да осы кезеңге тұспа-тұс келді. Мұның бәрі оң өзгерістер еді. Нәтижесінде облыс халқы еңсесін көтеріп, етек - жеңін жыйып, ағымдағы кезек күттірмейтін ұлт тағдырына тікелей қатысты мәселелерді жұмыла атқаруға кірісіп кетті. Қайта түлеген далада өлке тарландарының (Жаяу Мұса, Сұлтанмахмұт, Иса, Шәкен, Естай, Майра т. б.) дүбірлі мерейтойлары бірінен соң бірі өткізіліп, олардың мұражайлары мен мавзолей кешендері тұрғызылып, ескерткіштері бой көтерді. Іргесін жаңадан көтерген «Қазақ тілі» қоғамы мен тіл жанашырлары әмәнда осы іс-шаралардың басықасында жүрді. Олар Алматыда 1989 жылдың 22 қазанында республикалық «Қазақ тілі» қоғамының І-құрылтайы өткізілгенше айтарлықтай дәрежеде дайындық жұмыстарын жүргізіп үлгерді. Құрылтайға жергілікті ғалымдар Ермек Өтебаев, Жеңіс Марданов, қарт ұстаз Ханфия Асқаров, Екібастұз қалалық радиосының редакторы Жұмағали Қоғабаев және трактор заводының жұмысшысы Арман Каниев делегат болып қатысты.

## ТАРИХИ ФАКТІЛЕР, ОҚИФАЛАР

Қоғам 1990 жылдың 12 ақпанында заңды құрылым ретінде тіркелген соң, оның облыстық ұйымдарын құру жүзеге асырыла бастады. Павлодар облыстық ұйымының құрылтай конференциясы сол ақпан айының 17-күні Металлургтер сарайында өткізілді. Оған жергілікті өкімет үлкен мән беріп, ұйымдастыру комитетіне жан-жақты қолдау көрсетті. Конференцияға облыстық атқару комитетінің төрағасы Жаксылық Ысқақовтың өзі қатысып, сөз сөйледі. Облыстық ұйымның төрағалық қызметіне **Жеңіс Марданов** сайланды.

*Құрылтайдың өткізілу барысына республикалық қоғамның басшылығы ризашылық сезімін мынадай сөздермен білдірді: «Қайсы бір жерлерде жұмысқа жаны ашитын, тіл проблемасын терең түсінетін жандар тізгінді қолға алды. Мәселен, Орал, Павлодар облыстық ұйымдарының құрылтайлары жариялық пен демократия талаптарына сай деңгейде өтті деп жариялауға болады» (Әбдуәли Қайдар, Өмірзақ Айтбайұлы. «Тіл майданы» ЖАҚ «Дәуір», 2000 жыл. 47-бет.)*

**Жеңіс Марданов (1945 – 2001 ж.ж.)** «Қазақ тілінің» облыстық ұйымы басқармасының төрағалығына сайланған соң, қоғамдық іспен айналысуға біржолата бет бұрды. Сол жылдың қазан айында өзінің ынта-жігерінің арқасында ұйымның үні «Дауаны» ашып, 1995

жылға дейін газеттің редакторы болып қызмет етті.

Ұйымның үні ретінде тіркелген «Дауа» қазақ тілінің насихатшысы, қоғам жұмысын ұйымдастырушысы әрі ұйымның қуатты қаруы болды. Сондай-ақ, бұл басылым жұртшылық арасында ұлттық-демократиялық бағыттағы тәуелсіз, қоғамдық-саяси газет ретінде де танылды. Оның беттерінде тікелей тіл проблемаларына қатысты жарияланымдармен қатар Ресей империясының Қазақстанды жаулап алуы, Кеңес дәуірінде отаршыл саясаттың жалғасуы және ұлт-азаттық күрестің қаһармандары туралы тарихи материалдар, сондай-ақ халық ауыз әдебиеті, ұлттық салт-дәстүр, ислам діні жөніндегі танымдық мақалалар да жарық көрді. Рулар мен аталардың тегін түп-түтқианнан қазіргі кездегі ұрпақтарына дейін тарататын шежірелер, тарихи тұлғалар жайындағы аңыз-әңгімелер де жарияланды. Газет материалдарын сұрыптап редакциялауда Нәсіполла Есімов, Байтұяқ Жанымбетов, Бақи Әбдіқадыров тәрізді кәсіби журналистер де көп еңбек сіңірді. «Дауаның» оқырмандар көңілінен шыққандығы соншалық, қысқа мерзім ішінде таралымы 10 000 данаға жетті. Газет негізінен облыс орталығында қоғамның бастауыш ұйымдары, елді мекендерде аудандық бөлімшелері арқылы таратылды. «Дауа» Қазақстан



## ИСТОРИЧЕСКИЕ ФАКТЫ И СОБЫТИЯ

Компартиясы Целиноград облыстық комитетінің баспаханасында басылғандықтан, оның әрбір санында қазақ тіліне қырын қарайтын жергілікті жоғары лауазымды басшылар мен түрлі басқармалардың бастықтары жөнінде де ащы сын материалдар еш кедергісіз жарияланып тұрды.

«Дауа» редакциясы газеттің №1 саны жарық көрген 1990 жылдың қыркүйек айынан бастап бір жылға таяу облыстық ұйымның құрамында болды да, кейін дербес мекемеге айналды.

1996 жылы Жеңіс Мардановтың (Тілеке) «Шежіре» кітабы Омбы қаласындағы «Омич» баспасынан 10 000 дана таралыммен жарық көрді.

Республикалық «Қазақ тілі» қоғамының облыстық ұйымына алғашқы кезеңде көптеген мемлекеттік мекемелер, қоғамдық ұйымдар, тіпті жеке тұлғалар да материалдық я қаржылай көмек көрсетіп, моральдық қолдау да білдірді. Мәселен, ұйым құрылған тек 1990 жылы ғана оның қорына кеңес ақшасымен 150 мың сом (рубль) кіріс түскен. Оның 70 мыңы облыстық атқару комитетінің бюджеттік қаржысынан бөлінсе, 24 мың 200 сомы «Пульс» акционерлік қоғамы (басшысы **Кенес Жұмабеков**) аударылды. Қаладағы басқа да өндірістік бірлестіктері мен кәсіпорындар да түрлі көмек көрсетті. Қоғам мүшелерінің жарнасы 15,8 мың сомды, «Дауа» газетін сатудан түскен

қаржы 40 мың сомды құраған.

Сәби басылымның тұсауы кесілгенде КАМТС (Коммерческая ассоциация по материально-техническому снабжению) кәсіпорны 30 мың сом (басшысы **Тілеулес Асайынов**) аударған. Осы тәрізді мәрт жандардың редакцияға я ұйымға қаржылай, немесе материалдық көмек көрсетулері ол кезде сирек кездеспейтін.

Облыстық ұйым 1991 жылы облатком есебінен екі жеңіл автомобильге ие болды. Сол жылдың 16 қыркүйегінде жалпы пайдалы аумағы 265,4 м<sup>2</sup>, орталықтандырылған су, жылу жүйелері мен санитарлық жүйесі қалыпты жұмыс істейтін бір қабатты жайлы үйді облыстық ұйым тұрмыстық қызмет көрсету фабрикасынан акт бойынша тегін қабылдап алған.

Ертіс өзені жиегінде орналасқан іші кірсе шыққысыз, он шақты бөлмеден тұратын, залы мен асханасы да бар, айналасы сырланған тақтай дуалмен қоршалып, ауласына түрлі ағаштар отырғызылып, абаттандырылған бұл әсем үй бір кезде Павлодар алюминий зауытының иелігінде болыпты. Кезінде бұл үйге ССРО үкіметінің мүшелері де тоқтаған деседі.

Облыстық ұйымға мемлекеттік мекемелермен қатар қоғамдық ұйымдар да кеңсе жиһаздары мен құрал-жабдықтарын, жүздеген кітаптар тарту етті. Тіпті жеке тұлғалардың өздері үй мүліктері: қазақы дөңгелек стөл, ыдыс-аяққа дейін сыйлады. Осындай

## ТАРИХИ ФАКТИЛЕР, ОҚИҒАЛАР

зор қамқорлықтың нәтижесінде қысқа мерзім ішінде облыстық ұйымның мықты материалдық базасы құрылды. Облыстық ұйым жанынан «Дәулет» және «Ермек» атты шағын кәсіпорындар ашылып, жұмыс істеді.

Ұйым басқармасына қазақ тіліне байланысты проблемалар жөнінде ақпараттар жан-жақтан құйылып жатты. Оларды шешу жолдары туралы ұсыныстардың түрлі нұсқалары да, қазақ тілінің мәртебесін көтеру мәселесіне қатысты тың идеялар да айтылды. Бұларды мәжілістерде талқылап, дұрыс шешім шығарып, тиісті орындардың назарына ұсыну ұйым басшылығының құзіретіне жатты. Ал, басқарма мүшелігіне енген мемлекеттік органдардағы партиялық тәртіпке әбден дағдыланған жоғары лауазым иелері ұйымға аса жауапкершілікпен қарағандығы соншалық, мәжілістеріне қатысу үшін жұмыс уақытында қызметтерін қалдырып, қоғамға келетін.

Басқарманың шешімдерімен өзге мекемелер түгіл обком да санасты. Елбасының өзі «Мені де «Қазақ тілі» қоғамының бір мүшесі деп санаңдар» дегенде, кім оған теріс қарасын?! Рас, шағын мекемелердің басшылары арасында «Мұндай қоғам ит өсірушілерде де бар» деп қиямпұрыс жауап бергендер де ұшырасты. Бірақ, беделді мекемелердің басшылары үкіметтің саясатын аяқ асты ете алған жоқ. Аудан басшы-

лары жергілікті ұйымдардың өкілдері облыстық қоғамның құрылтайына, есеп беру-сайлау конференцияларына, тіпті кезекті жиналыстарына қатысулары үшін арнайы автобустар бөлді.

Өткізілген шаралардың, істелген жұмыстардың барлығы жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жұртшылыққа жария етілді, игі істері үнемі насихатталды. Сол кездегі телевизия және радио хабарлары жөніндегі облыстық комитеттің төрағасы, «Қазақ тілі» қоғамының басқарма мүшесі Мұрат Әбдірахманов (облыстық ұйым басқармасының қазіргі төрағасы), телевизияның қазақ редакциясының бас редакторы, басқарма мүшесі Жұмасейіт Бижанов, радионың қазақ редакциясының бас редакторы, басқарма мүшесі Ғалия Балтабаева, одан кейін осы қызметте істеген тіл жанашыры Социал Әйтемов, облыстық «Қызыл ту» (қазіргі «Сарыарқа самалы») газетінің редакторы, басқарма мүшесі Әлғожа Мұхамеджанов (кейін марқұм) ұйым басшылығы мен белсенділеріне БАҚ-ты пайдалануына мол мүмкіндік берді.

Мұндай аса қолайлы жағдайда, мұншалықты күш-қуатпен облыстық ұйымның жұмыс істемеуі мүмкін емес еді! Бүгінгі күннің межесінен зер салғанда, қоғам құрылған алғашқы жылдары тау қопарарлықтай қарқынмен телегей теңіз іс тындырды.



## ИСТОРИЧЕСКИЕ ФАКТЫ И СОБЫТИЯ

Облыстық ұйым Қазақстан Республикасының «Тілдер туралы» Заңының негізінде өз бағдарламасы мен жұмыс жоспарын жасап, белгіленген шараларды табандылықпен жүзеге асыра білді; тіл проблемасымен қатар ұлттық салт-дәстүр, дін, ұрпақ тәрбиесі мәселелерімен, тіпті саяси істермен де айналысты. Ұйым мүшелерінің ата-аналар арасында үгіт-насихат әрі түсінік жұмыстарын белсенді жүргізуінің нәтижесінде қазақ мектептерінің бірінші кластарына баратын бүлдіршіндердің саны үстемелен артты. Мәселен, 1990 жылы облыстағы 15 мектепте 18 қазақ класы ашылса, 1991 жылы 19 мектепте 27 қазақ класы мен 6 қазақ мектебі ашылды. Бірінші қазақ кластарына барған бүлдіршіндердің саны 881-ге жетті. Облыстағы 485 мектептің бәрінде қазақ тілі оқытылып, 776 мұғалім осы пәннен сабақ берді. Павлодар қаласындағы №3 мектеп-интернат негізінде жаңа оқыту жүйесінде жұмыс істейтін гимназия ашылды. Кәсіптік-техникалық училишелерде қазақ тілінде оқитын топтар ұйымдастыру ісі сол кезеңде қолға алына бастады.

Ермак қаласында республикаға үлгі етіп көрсетуге тұрарлық «Айгөлек» атты қазақ бала бақшасы ашылып, ауданда Байғабыл Жылқыбаевтың зиратының басына құлпытас орнатылды, Сәбит Дөнентаевтың мүсіні жасалды. Екібастұз қаласында «Қазақ тілі» қоғамының дүниеге

келуі қарсаңында **Ғалия Балтабаева, Амангелді Қантарбаев, Дәмет Қарашашева, Жұмағали Қоғабаев** т.б. құрылуына ұйтқы болған «Мирас» ұлттық орталығының жұмыс қарқыны одан әрі өсе түсті. Кейін бұл орталық «Ата мұра» деп аталды.

Облыста «Қазақ тілі» қоғамының 11 аудандық, 2 қалалық (Павлодар, Екібастұз) Ермак аудандық және қалалық біріккен ұйымдары мен 405 бастауыш ұйымы жұмыс істеді. Олардың 130-ы кеңшарларда, 214-і шағын ауылдарда, қалғандары кәсіпорындарда, мекемелерде, оқу орындарында құрылды.

Аудандық ұйымдардың төрағалығына әр жылдары сайланған **Мұбарак Жаманбалинов (Ертіс), Ілияс Оспанов (Ақсу), Алпысбес Әділханұлы (Баянауыл), Жұмағали Қоғабаев (Екібастұз) Іләл Ахмедиев, Қайыр Ахметов (Май)** тәрізді ұлтжанды, іскер азаматтар қоғам жұмысын үйіріп әкетті.

Облыстық «Қазақ тілі» қоғамы «Азат» қозғалысының облыстық бөлімшесімен бірлесіп 1992 жылы Ермак қаласындағы Ермак ескерткішін алдыртуға, «Невада-Семей» қозғалысының жергілікті бөлімшесімен тізе қосып Семей ядролық полигонында сынақтар өткізуге қарсы наразылық митингілерін ұйымдастыруға белсене араласты. Ермак қаласының атауы Ақсу деген атауға өзгертілуіне, об-

лыс орталығындағы, қалаларындағы отаршыл саясатты дәріптейтін жарнама іспеттес көше атауларының Тәуелсіз Қазақстанның мәртебесіне лайықты атаулармен ауыстырылуына облыстық ұйым мүшелері де ат салысып, зор үлес қосты. Әйтсе де, сол кезеңде «Қазақ тілі» қоғамы облыстық ұйымының толық күшінде жұмыс істей алмай келе жатқандығы, орыстанып кеткен біршама қандастарымыз бен өзге ұлттардың кейбір өкілдері қоғамға сенімсіздік білдіріп, оның жұмысына кей жерлерде кедергі келтіруге тырысқандығы ашық айтылған. Мәселен, ұйымның сол кезде өткізілген бір жиналысының хаттамасында былай деп жазылыпты: «...жалпы облыс көлемінде көптеген мекемелер мен кәсіпорындарда, өндіріс салаларында «Қазақ тілі» ұйымының жұмыстарын жүргізуге бірталай бөгеттер кездесуде. Бұған дәлел: қоғамдық шаралар, жиналыстар, мәжілістер көбіне орыс тілінде өткізілуде. Жиналыстарды мүмкіндігінше қазақ тілінде өткізу туралы ұсыныстарға кейбір басшы қызметкерлер пысқырып та қарамайды. Сөйтіп, олар қазақ тілін құрметтемейтінін ашық білдіруде. Қазақ балаларын ана тілінде оқытуда енжарлық басым, ата-аналар арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу әлі де өз мәнінде емес».

Облыстық ұйым басқармасы жоғарыда аталған мәселелерді негізге алып, «Тіл туралы» Заңның облыста әлі де болса толық орындалмай жатқанына алаңдаушылық білдірген. Сондықтан, басқарма мүшелері жергілікті жерлердегі Халық депутаттары Кеңестерінің «Қазақ тілінің» аудандық, қалалық ұйымдарға шұғыл көмек көрсетуін өтіну мақсатында олармен тығыз байланыс орнатуды ұйғарған. Сондай-ақ, қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде өмірдің барлық саласында «Тіл туралы» Заңға сәйкес тереңдете енгізу қажеттілігіне және ұлттық кадрлар дайындау мәселесіне сергек қарау керектігіне баса назар аударған. Еңбек ұжымдарында, оқу орындарында, ата-аналар арасында қазақ тілінің сол кездегі және болашақтағы хал-ахуалы туралы дәрістер оқып, әңгімелер өткізуді одан әрі өрістете түсуді жоспарлаған. Іс қағаздарын жүргізуді біртіндеп мемлекеттік тілге көшірудің барысын қадағалау тіл мамандарына тапсырылған. Барлық еңбек ұжымдарына «Тіл туралы» Заңның орындалуын талап еткен, мемлекеттік тілдің тілдік нормаларын қатаң сақтау туралы ескертпе хаттар жолдаған. Сонымен қатар, облыстық ұйым тікелей өз міндетіне жатпайтын қазақ тіліндегі мерзімді баспасөз өнімдеріне жұртшылықтың жазылуын ұйымдастыру, Металлургиялық мәдениет сарайында Абылай хан

заманындағы халық қалармандарының ерлік істерін бейнелейтін көріністерді сахналау тәрізді игі істермен де айналысты.

Ол кезде жұртшылықтың да қоғамдық іске деген ынта-ықыласы айрықша еді! Облыстағы тіл мамандары ғана емес, ұлтжанды азаматтар да өздерінің мұрат-мүдделерімен орайлас келген қоғамның жұмысына белсене кірісті. Тіпті **Бакыт Субекова, Зәру Ибраева, Сара Ерденова, Қазиза Наурызбаева, Зәра Қожахметова, Әсия Байзақова** тәрізді зейнеткер апаларымызға дейін «Бізге тапсырма беріндер!» деп кез келген істі атқаруға білек сыбанып дайын тұрды.

Соғыс және еңбек ардагері **Қамантай Батталов** ақсақал қоғамдық істі атқаруға келгенде бір өзі он адамға татитын. Ол 1989 – 1990 жылдары «демократиялық толқынмен» көзге түскен көптің бірі емес, одан бұрын да қазақ тілінің тағдыр-талайы үшін шама-шарқынша күрескен санаулы азаматтардың бірі еді. Кезінде оның қазақ мектептерінің проблемалары жөнінде жазған хаты обкомның бюросында талқыланды. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Павлодар облыстық ұйымының басқарма мүшесі, қазақ тілінің асқан жанашыры, ұлтжанды азамат **Қамантай Батталов** ақтық сапарға аттанар кезінде «Қазақ тілін сақтаңдар» деген сөзді қайталап айтып жатып

көз жұмды. Облыстық «Қазақ тілі» қоғамына таудай үлес қосқанымен, жұртшылықтың назарына ілінбей тасада жүрген тіл жанашырларының бірі - белгілі шежіреші, ғылым кандидаты **Тілеукең Еңсебаев**. Ол қоғам жұмысын ғылыми негізде жүргізуге баса назар аударып, көп еңбектенді. «Дауа» газетінде 90-жылдардың бас кезінде оқырмандардың сұранысына сай келетін тарихи проблемалық материалдардың қомақты бөлігін дайындаған осы Тілеукең Еңсебаев еді. Ол өзі жинаған және редакцияға түскен шежірелерді, тарихи тұлғалар және оқиғалар туралы деректер мен аңыздарды зерттеп, бір ізге түсіріп жүйелеуде тер төге еңбектенді. Бұл дүниелердің бір бөлігі «Дауаға» жарияланып, кейін Жеңіс Тілекенін «Шежіре» кітабына енді. Орыс, қазақ тілдерінде бірдей жазатын Тілеукең Ахметұлының еңбектері басқа басылымдарда да жарық көруде. «Ертістің Павлодар өңірінің тарихы жөніндегі очерктері» 2001 жылы қазақ және орыс тілінде кітап болып шықты.

Төекен бұл өңірдің ежелгі заманнан бері қазақтардың ата мекені болғандығын дәлелдеп М.Горбачев, А.Солженицын, В.Жириновский тәрізді саясатшылардың «Қазақстанның оңтүстік өңірінен басқа жерлерінің барлығы Ресейдің ежелгі жерлері еді...» деген топшылауымен «қаруланған» жергілікті тарихшыларға тойтарыс беріп келеді.



## ТАРИХИ ФАКТІПЕР, ОҚИФАЛАР

«Қазақ тілі» қоғамы облыстық ұйымының сол кездегі штаттағы қызметкерлері және қоғамдық негізде жұмыс істейтін басқарма мүшелерінің барлығы дерлік тіл майданында «Сен тұр, мен атайын» дейтін, қоғамдық іске жан-тәнімен берілген, ұлт мүддесі дегенде жанып тұратын жігерлі жандар еді. Асқаров Қанания, Әміржанов Көкіш, Бәделханов Айтжан, Дәйкенов Темірболат, Дәуренбеков Мұхамеджан, Жармакин Олжабай, Қайырбеков Едіге, Кентаев Тоғайбай, Баймұратов Бақыт, Сағындықов Бақыт, Шаймерденов Сәкен тәрізді азаматтар ұйым құрылған кезден бастап, оның жұмысына белсене араласып, үлкен үлес қосуда.

Жеңіс Марданов (02.1990-11.1991 ж.ж.) пен Айтбай Алдонғаров (11.1991-09.1992 ж.ж.) төрағалық еткен кезеңде облыстық ұйым қарқынды жұмыс істеді. Одан кейін Еркін Бейсенбаев (09.1992-08.1995 ж.ж.), Сәрсенбай Шектібай (08.1995-07.1998 ж.ж.), Ерсайын Бимағанов (07.1998-07.2000 ж.ж.) басшылық жасаған жылдарда да облыстық ұйым хал-қадірінше жұмыс істеп, бірталай игілікті іс-шаралар одан әрі жалғасын тапты. Мысалы, көміршілер қаласы Екібастұзда облыстық ұйым дүниеге келмей тұрған тоқсаныншы жылдарға дейін 13 көше ғана қазақша атаумен аталса, кейін 50-ден астам көшеге қазақтың

белгілі қоғам қайраткерлері мен тарихи тұлғалардың есімдері берілді. Облыста 1990-1991 оқу жылында 81 қазақ мектептері болса, 1995 жылы олардың саны 122-ге жеткен. Аралас мектептер саны 166-дан 198-ге көбейген. Сол жылы 4789 бүлдіршін қазақ мектептеріне, 400-ден аса шәкірт аралас мектептердегі қазақ кластарына оқуға түскен. Осындай оң өзгерістер ауылдық елді мекендерде де айқын байқалған. Мәселен, Павлодар ауданының Кенжекөл ауылындағы малдәрігерлік техникумда студенттердің 4 тобына сабақ қазақ тілінде жүргізіле бастаған. (Өкінішке орай, бұл техникум кейін жабылып қалды) Осындай оқу орындарында қазақ топтарының ашылуы көбейе түскен сайын қазақ тілінде оқытатын мұғалімдерге деген сұраныс та көбейген. Бір ғана 1995 жылы Павлодардағы С.Торайғыров атындағы педогогика институтына 300-дей сұраныс түсіпті. Ал, 1994 жылы осы жоғары оқу орнынан диплом алған мамандар саны небәрі 94 ғана екен. Бұл проблеманы шешу мақсатында институтта 25 студент оқитын 7 айлық курс ашылды. Бұл топ оқуын бітірген соң облыстың Железинка, Успенка тәрізді қазақ мұғалімдеріне мұқтаж аудандарына жіберілген. Әрине, осы тәрізді ұлттың мақсат-мүддесімен орайлас келетін келелі істердің жүзеге асуына «Қазақ тілі» қоғамының облыстық

## ИСТОРИЧЕСКИЕ ФАКТЫ И СОБЫТИЯ

ұйымы тікелей, қала берді жанама түрде ықпал етті деп нық сеніммен айта аламыз.

Тіл мәселесіне байланысты бірталай істерді жүзеге асыру 1993 жылдан бастап жаңадан құрылған Тілдер жөніндегі республикалық комитетке, одан кейін Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің тіл бөліміне жүктелген соң, мемлекеттік органдар тарапынан «Қазақ тілі» қоғамына деген қамқорлық саябырсыды. Тіл тағдырына байланысты жауапкершілікті мемлекеттік мекемелердің өздері мойындарына алған соң «Қазақ тілінің» қоғамдық өміріміздегі ролі де бірте-бірте төмендей түсті. Жұртшылықтың қоғамдық іске деген ынта-ықыласы да бәсең тартып, «демократиялық толқын» басылды. Республиканың оңтүстік және батыс облыстарына карағанда тілге қатысты көптеген проблемалар шешімін таппаған Павлодар облысында да осындай жағдай орын алды.

Мұндай жағдайға ұрынған облыстық ұйымның енді көп қаражат тілейтін үлкен шараларды жүзеге асыруы неғайбыл еді. Кейінгі «қаржысыз» төрағалар Сәрсенбай Шектібайдың кезінде «Тіл өнері» халық университетін, Ерсайын Бимағановтың тұсында ұйымның жаңа басылымы «Ертіс дидарын» ашуға қол жеткізуі облыстық «Қазақ тілі» қоғамының үлкен жетістіктері деп санауға болады. 1999 жылдың 30 желтоқса-

нында №1 саны жарық көрген бұл газеттің де Ертістің Павлодар өңірінде қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесінің көтеріле түсуіне және ұлттық сана-сезімнің жоғарылай түсуіне біршама ықпал етті.

2000 жылдың 31 қаңтарында облыстың бұрынғы әкімі **Ғ.Жақияновтың** шешімімен облыстық «**Алтын тіл**» бағдарламасы бекітілді. Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру енді мемлекеттік органдардың өздерінің мойындарына жүктеліп, бағдарламада атқаратын іс-шаралары белгіленді, оларды жүзеге асыратын мезгілі де көрсетілді. Бір өкініштісі, бағдарламаның кемшін тұстары да болды. Айталық, атқарылатын іс-шаралардың көпшілігі облыс бойынша ақпарат және қоғамдық келісім басқармасына жүктелді және «Алтын тіл» бойынша жұмыс істеуге тиісті мемлекеттік органдарға, қоғамдық ұйымдарға міндеттелген іс-шараларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін қаржы мөлшері бөлінбеді. Соның салдарынан біршама іс-шаралар орындалмай қалды. Мәселен, облыстық мәдениет басқармасына жүктелген іс-шаралардың басым көпшілігі орындалған жоқ.

Дегенмен, осындай олқылықтарына қарамастан «Алтын тіл» облысымызда ана тіліміздің өрісін кеңейтуге оң ықпал етті. Енді «Қазақ тілінің» облыстық ұйымы өзге беделді мекемелермен бірлесіп «Алтын

тіл» бағдарламасы аясында қызмет ете бастады. Қоғамдық ұйым өкілдеріне бұрын шекесінен қарайтын ше-неуніктер облыс әкімінің шешімімен бекітілген бағдарламаны бетке ұстап келген оларды құрметпен қарсы алатын болды. Әр айдың бірінші сәрсенбі күні «Мемлекеттік тілде сөйлеу-азаматтық парызымыз» акциясын өткізу мемлекеттік органдардағы қазақ тіліне немқұрайлы, селқос қарайтын, тіпті оны менсінбейтін қызметкерлердің көзқарасын түбегейлі өзгертті. Соның нәтижесінде, өзге ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілді үйренуге деген ынта-ықыластары арта түсті.

«Оқушылардың мемлекеттік тіл білімінің деңгейіне және мектептердегі қазақ тілі мұғалімдерінің сапалық құрамына бақылау жасайтын қоғамдық комиссия» құрылды. Облыстық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы комиссия төрағасының орынбасары қызметіне бекітілді. Құрамы ұйым төрағасы М. Әбдірахманов, оның орынбасары А. Тайгуллин, ПМУ-дың профессорлары Қ. Жүсіпов пен Е. Жұматаева және Қ.Әлібаев, А.Бахриденова, С.Елікбай, Е.Рақымжанов тәрізді білікті мамандармен жасақталған бұл комиссия 2001 жылы Ертіс, Железинка, Павлодар, Успен аудандарында, Екібастұз қаласы мен оған қарасты елді мекендердегі мектептердің кәсіптік деңгейіне, мұғалімдердің

білім сапасына тексеру жүргізіп, бірнеше қазақ сыныбының ашылуына ықпал етті. Тексеру барысында бірталай кемшіліктердің беті ашылды. Мысалы, Железинка ауданында не бәрі 7 қазақ мектебі болған. Оларда аудан бойынша жалпы оқушылар санының тек 8 пайызын құрайтын 393 оқушы ғана оқыған. Бұған аралас мектептердегі қазақ кластарындағы оқушылар санын қоса есептегенде барлығы 740 ғана болып, аудандағы барлық оқушы санының 15 пайызын ғана құраған. Ал аудан мектептеріндегі 4845 оқушының 2436-сы қазақ балалары. Қазақ тілі пәнінен сабақ берген 55 мұғалімнің арнайы мамандығы болмаған. Бұл пәннен еңбек, сызу мен сурет, дене шынықтыру пәндерінің мұғалімдері, тіпті медбибі, кітапханашы, мал дәрігері де сабақ берген.

Ертіс ауданындағы 6688 оқушының 4129-ы қазақ балалары бола тұра, қазақ сыныптарында 2015 оқушы ғана оқыған. Көп мектептердегі білім сапасы қанағаттанарлық емес. Мәселен, аудан орталығындағы №1 орта мектептің 10-класында кілең «бес» деген бағаға оқитын бір оқушысы қазақ алфавитінде 45 әріп бар деп, бастауыш кластың оқушыларына қойылатын сұраққа дұрыс жауап бере алмаған.

Комиссияның қорытындысы мен ұсыныстары облыс әкімияты мен «Алтын тіл» бағдарламасын орындау



## ИСТОРИЧЕСКИЕ ФАКТЫ И СОБЫТИЯ

жөніндегі облыстық үйлестіру кенесінің назарына ұсынылды.

2001 жылдың 1 қыркүйегінде облыста барлығы 469 мектеп, олардың 177-сі орыс мектебі болды. 1990 жылдан 1995 жылға дейін аралас мектептер саны 166-дан 198-ге дейін көбейсе, 2001 жылы 153-ке дейін азайған. Өйткені, бұл кезеңде аралас мектептерді қазақ мектептеріне айналдыру ісі жүргізілген. Оның есесіне, қазақ мектептерінің саны 122-ден 139-ға дейін артқан. Ал, 1990 жылы олардың саны 81 ғана болған еді.

Облыстағы тілдерді дамыту қоғамдық Қорының құрылуы осы бағыттағы игілікті істердің бірі болды. Қордың қаржысы есебінен қазақ тілін үйренушілерге, мемлекеттік тілде іс жүргізушілерге, аудармашыларға аса қажетті оқулықтар мен сөздіктер, балаларға арналған өлеңдер мен ертегілер жинағы жарық көрді; орта мектептер оқушылары арасында «Абай оқулары» өткізіліп, байқаудың жеңімпаздары мен жүлдегерлері ұлы ақынның туған жеріне саяхат жасады. Қор «Әй, жарайсың!» конкурстарын өткізуге демеушілік көрсетті. «Ертіс дидары» газетін айына 2 рет шығаруға жеткілікті мөлшерде қаржы аударды.

Мемлекеттік қызмет саласының қайсын да болмасын мемлекеттік тілді қолданысқа енгізу, қазақ халқының мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін түлетіп, қайта жаңғырту

істері түрлі деңгейде жүргізілді. Әрине, ана тілімізге шарапаты тиер осындай үлкенді-кішілі шаралардың жүзеге асуына «Қазақ тілі» қоғамының облыстық ұйымы көшбастаушы болмаса да, атсалысқандығы анық. Облыстық ұйым мүшелерінің өздері атқарған іс-шаралар да аз емес. Мысалы, алқа мүшелері Тайгуллин А. - орта мектептер және орта арнаулы оқу орындарымен, Елікбай С. - мемлекеттік органдармен, Тұрышев А. - жоғары оқу орындарымен және «Тіл өнері» халық университетімен, Омарханов Ғ. - бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз байланыс жасап, белгілеген іс-шараларды бірлесе атқаруда. Ал, Байғалы Ш. - қазақ бала бақшаларына көмек көрсетуде, оларға балаларды тарту ісінде, Бижанов Ж. - ауыл шаруашылығы саласындағы қоғамдық ұйымдардың жұмыстарын үйлестіруде нәтижелі еңбек етті.

Облыстық ұйымда 1998-2002 жылдар аралығында ғана 11 төралқа және 3 кеңейтілген басқарма мәжілісін өткізді. Құрамы 31 адамнан тұратын басқарма мен 9 адамнан тұратын ақсақалдар алқасының өкілдері қатысқан мұндай мәжілістерде «Қазақ тілі» қоғамы аудандық, қалалық және бастауыш ұйымдарының жұмыстары жөніндегі есептері тыңдалып, келелі мәселер қаралған. Мысалы, 1999 жылдың 15 маусымында Павлодар мұнай өңдеу зауыты,

## ТАРИХИ ФАКТІЛЕР, ОҚИҒАЛАР

12 желтоқсанда Павлодар алюминий зауыты, 2000 жылдың, 18 сәуірінде облыстық және қалалық бірлескен телекоммуникация басқармасы, 20 шілдеде облыстық ішкі істер басқармасы бастауыш ұйымдарының, сондай-ақ Ақсу қаласы ұйымының (08.12.1999 ж.) және Қашыр аудандық ұйымының атқарған жұмыстары жөніндегі есептері тыңдалды. Павлодар қаласындағы бала бақшаларда бүлдіршіндерді қазақша оқытып, тәрбиелеу ісі (17.06.1999 ж.), «Лесозавод» ықшам ауданындағы көше атаулары және басқа да көрнекті үгіт-насихат құралдары (18.04.2000 ж.), қаладағы кітап дүкендерінде қазақ тіліндегі кітаптардың сатылу (20.07.2000 ж.) жағдайлары жөнінде, Павлодар қалалық Мәдениет сарайының мемлекеттік тілді қолдану аясын кеңейту барысында атқарған жұмысы туралы және Павлодар қаласындағы жетім балалар үйіндегі қазақ балаларын ана тілінде оқыту мен тәрбиелеу жайы хақында (09.11.2000 ж.) мәселелер қаралған. 2001 жылдың маусым айында басқарма мен алқа құрамындарына өзгерістер енгізіліп, Мұрат Әбдірахманов төраға қызметіне бекітілді. 2001 жылы және 2002 жылдың бірінші жарты жылдығында Павлодар облыстық білім, ауыл шаруашылығы, статистика, қаржы департаменттері, сондай-ақ әділет, өрт қауіпсіздігі басқармаларының, әске-

ри комиссариаттың «Тілдер туралы» Заңға байланысты атқарған жұмыстары қаралды. Тексеру барысында байқалған олқылықтар мен түрлі мәселелерге орай туындаған проблемалардың шешілуіне облыстық ұйымшам-шарқынша көмек көрсетті, шешілуі қиын күрделі проблемалар күзиреті жоғары мекемелер басшыларының назарына ұсынылды. М.

**Жаманбалинов** (Ертіс ауданы), **Ілияс Оспанов** (Ақсу қаласы), **Гүлнәр Сәдуова** (Алюминий заводы), **Шолпан Кинжикова** (облыстық қаржы департаменті) тәрізді мамандардың қазақ тілінің өрісін кеңейтуге, «Қазақ тілі» қоғамы ұйымдарының жұмыстарын ұйымдастыруға байланысты озық іс-шаралары жинақталып, тиісті мекемелерге, ондағы қазақ тілін оқып-үйренуді мақсат тұтқан қызметкерлерге үлгі ретінде таратылған.

Павлодар облысына қайтадан әкім болып тағайындалған **Даниал Ахметовтың** 2002 жылдың 21 мамырында Тілдерді қолдану мен дамытудың 2002-2003 жылдарға арналған «Ана тілі» облыстық бағдарламасын мақұлдап, арнайы қаулы шығаруы көңілімізге үлкен сенім ұялатады. Бағдарламада облыста мемлекеттік тіл саясатының жүзеге асыру барысындағы қол жеткен нәтижелермен қатар, мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің әлетін іске асыру деңгейі әлі де төмен

## ИСТОРИЧЕСКИЕ ФАКТЫ И СОБЫТИЯ

скендігі аталып өтілген. «Мемлекеттік қызметшілер арасында мемлекеттік тілді қызметтік міндеттерін атқаруға қажетті деңгейде меңгерген мамандар аз. Сол себепті Бағдарламаны іске асыру барысындағы басты міндеттердің бірі мемлекеттік қызметшілерге мемлекеттік тілді оқыту болып табылады.

Құжаттарды мемлекеттік тілде дайындау қажеттілігіне қарамастан, барлық мемлекеттік органдарда іс қағаздары мемлекеттік тілде мәтінді орыс тілінен қазақ тіліне аудару арқылы жүргізіледі. Облыс мемлекеттік органдарының көпшілігінде және мемлекеттік емес құрылымдарда барлық коммерциялық, қаржы және статистикалық құжаттама орыс тілінде ғана жүргізіледі, кіріс, шығыс құжаттары да тек орыс тілінде тіркеледі. Қаржы, статистикалық құжаттарды мемлекеттік тілге аудару жұмысы облыс қаржы департаменті мен статистика басқармасында ғана басталды.

Мәжіліс залдары ілеспе аударма аппаратурасымен баяу қарқынмен жабдықталуда»

Демек, әлі де болсын атқарылар жұмыстардың ауқымы кең, іс-шаралардың маңызы зор. «Ана тілі» бағдарламасында мемлекеттік дәрежеде мәні бар мұндай іс-шараларды жүзеге асыру міндеті тек қана жергілікті мемлекеттік органдарға жүктелгенімен, олардың орындалуына халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының облыстық

ұйымы, сол тәрізді басқа да қоғамдық ұйымдар ат салысып, қомақты үлес қосады деген ойдамыз. Өйткені, мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтере түсу – бүкілхалықтық іс. Тіл мәселесіне байланысты республикалық, облыстық деңгейде қабылданған бағдарламалардың қайсысы болсын оқымысты мамандардың қолдауымен ғана жүзеге асады. Осы орайда біз С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, оның ректоры Халықаралық Қазақ тілі қоғамының вице-президенті Ерлан Мұхтарұлы Арын басқарған ғалымдардың тарих, мәдениет салаларындағы, тіл майданындағы атқарып жүрген ұлан-ғайыр игілікті іс-әрекеттеріне бірлесе араласып, ғылым, білім, өнер жолында серіктес болсақ деген ниеттеміз.

Қазақ отбасында дүниеге келген сәбилерді ана тілімен ауыздандыру әрі мемлекеттік мәртебеге ие болған ана тілінде оқыту - әрбір ата-ананың парызы, ана тілін ардақтау, мемлекеттік тілді құрметтеу – қазақстандық барлық ұлт өкілдерінің борышы. Әйтсе де, мұндай қасиетті парызы мен борышына мән бермейтін немесе заман ағымына кесекөлденең тұрғысы келетін жеке тұлғаларға мемлекеттік органдардың әлеуеттік тұрғыдан талап қоюға заңдық құқы жоқ. Мұндай адамдардың арасында үгіт-насихат жұмысын жүргізу, жас ұрпақты қазақстандық



патриотизм, ұлтжандылық, имандылық, адамгершілік тәрізді асыл қасиеттерге баулу - «Қазақ тілі» қоғамының және сол секілді қоғамдық ұйымдардың тікелей міндеті. Солай бола тұра, облыстық ұйымның өз проблемалары да жетерлік. «Қазақ тілі» қазіргі шақта облыс әкімиятының қолдауына, қаржылы мекемелердің демеушілігіне үміт артуда. Тар жол, тайғақ кешулерде де өз міндетін халқадірінше атқара білген облыстық «Қазақ тілі» қоғамы енді қолдаушы-

лар мен демеушілердің ықыласына бөленсе, еңсесі көтеріліп, екінші тынысы ашылып, үлкен мақсатқа бағытталған іс-әрекеттерін үдете түсетіндігіне сенімдіміз. Қоғам алдындағы тұрған қазіргі басты міндеттердің бірі - 2004 жылға арналған Президент Жолдауындағы талаптарға сәйкес қазақтың ұлттық мәдени-тарихи мұрасын қамқорлыққа алып, «ұлттық әдебиет пен жазудың санғасырлық тәжірибесін қорыту» ісіне белсене араласу деп білеміз.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н. Назарбаев. Ішкі және сыртқы саясаттың 2004 жылға арналған негізгі бағыттары. //Егемен Қазақстан. -6 сәуір 2003 ж.
2. А. Байтұрсынов. Шығармалары. - А.: Жазушы, 1989 ж.
3. Е. Қайдаров, Ө. Айтбаев. Тіл майданы. -А., 2000 ж.
4. Сөзтаным. -1., ҚРҰҒА Тіл білімі институты. -2000 ж.
5. ҚР ның 1989, 1997 жылдардағы «Тілдер туралы» Заңдары.
6. «Қазақ тілі» қоғамы облыстық ұйымы архивы (1990-2002жж)
7. Мемлекеттік тілді дамыту және оның қолдану аясын кеңейтуге арналған 2000, 2002 ж. ж. облыстық конференция

басылымдары.

8. Облыстық «Алтын тіл», «Ана тілі» бағдарламалары (2000, 2002).
9. «Ана тілі», «Сарыарқа самалы», «Звезда Прииртышья», «Дауа», «Ертіс дидары» газеттері (1990-2003 )
10. Библиография Павлодарского Прииртышья, ПГУ, 2003.
11. Гаспыралының айтқандары. «Азат» газ. №1, 2003.
12. О. С. Төкенов. Мәдениеттану негіздері. -А., 2001.
13. Т. Габитов. Мәдениеттану негіздері. -А.: Дәнекер, 2002.
14. Ж. Тілеке. Шежіре. -Омбы қ.: Омич, 1996.